

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілерін әскери оқу орындарында оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 85 ке бұйрығына өзгерістер енгізу" туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 16 тамыздағы № 49/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 тамызда № 29211 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілерін әскери оқу орындарында оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2017 жылдың 27 қыркүйегіндегі № 85 ке бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15917 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшілерді оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 26-бабының 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшілерді оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу қағидалары бекітілсін.";

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурстарына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы

Е. Сагимбаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының
2022 жылғы 16 тамыздағы
№ 49/ке бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2017 жылғы 27
қыркүйектегі № 85 ке
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшілерді оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшілерді оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының (бұдан әрі – ҰҚО) әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу тәртібін айқындайды.

2. ҰҚО әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшілерді оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 12 және 13-тармақтарына және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 10-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әскери қызметшінің соңғы қызмет (оқу) орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ведомстволарының, құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық және өзге де органдарының кадр бөлімшелері Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаментін (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің (бұдан әрі – Шекара қызметі) кадр бөлімшесін):

1) бұйрық шыққан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде – үлгерімі, тәртіпсіздігі үшін, өз бастамасы бойынша, теріс себептермен әскери қызметтен босату салдарынан әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан шығарып жіберілгені туралы;

2) бас тарту құжаттамалық расталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде – әскери қызметшінің әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқаны және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген мерзімі аяқталғанға дейін әскери оқу орындарын бітірген әскери қызметшінің теріс себептермен әскери қызметтен босатылғаны туралы хабардар етеді.

4. Әскери қызметшіге оқуға жұмсалған ақшаны өтеу бойынша талап жұмысын жүргізу үшін әскери қызметтен босатылған (оқудан шығарып жіберілген) әскери қызметшінің соңғы қызмет өткеру (оқу) орны бойынша ҰҚО кадр бөлімшесі әскери қызметшінің соңғы қызмет өткеру (оқу) орны бойынша ҰҚО заң бөлімшесіне мынадай материалдарды жолдайды:

1) "Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың және ұсыныстың үлгілік нысандарын, сондай-ақ аттестаттау парағының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 36/қбп бұйрығымен бекітілген Үлгілік нысанға сәйкес нысан бойынша әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16594 болып тіркелген);

2) оқудан шығарып жіберілген (жұмыстан шыққан) әскери қызметшіге қатысты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының тізіміне қабылдау немесе одан шығару туралы әскери оқу орны бастығының бұйрығынан үзінді ;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітірген әскери қызметшіге қатысты – ҰҚО тізімінен шығару туралы бұйрықтан үзінді;

4) осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшіні – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының курсантын, магистрантын, докторантын оқытуға жұмсалған нақты шығындардың жиынтық есебі;

5) осы Қағидаларға 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшіні – курсантты, адъюнктті шет мемлекеттердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқытуға жұмсалған нақты шығындардың жиынтық есебі.

5. Үлгерімі, тәртіпсіздігі үшін, өз бастамасы бойынша, теріс себептермен әскери қызметтен босату салдарынан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан, Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты шығарылған, сондай-ақ әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан әскери қызметші әскери қызметші мәртебесінде оқытудың бірінші жыл

шығындарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының курсанты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери қызметші мәртебесінде оқыту кезеңінде тамақтандырумен қамтамасыз етуге, лауазымдық айлықақысын (стипендия) төлеуге және олардың жол жүруіне арналған шығындарға сәйкес келетін ақшаны мемлекетке өтейді.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітірген әскери қызметші теріс себептермен шығарылған, Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты немесе аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша әскери қызметтен босатылған жағдайда, әскери қызметші мәртебесінде оқытудың бірінші жыл шығындарын қоспағанда, әскери қызметші мәртебесінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқыту кезеңінде тамақтандырумен қамтамасыз етуге, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйым курсантының лауазымдық айлықақысын (стипендия) төлеуге және олардың жол жүруіне арналған шығындарға сәйкес келетін қаражатты мемлекетке келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін қызмет өткерілмеген әрбір толық ай үшін пропорционалды түрде өтейді.

Әскери қызметшіні – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының, соның ішінде шетелдегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (курсантты, магистрантты, докторантты, адъюнкты) оқытуға жұмсалған нақты шығындардың жиынтық есебін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының бастығы жыл сайын оқудың әрбір курсы аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде бекітеді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқытуға жұмсалған нақты шығындар сомасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен, ал шет мемлекет жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында – оқу курсы аяқталу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің курсына қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қайта қабылдау немесе келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырту оқу және (немесе) келісімшарт бойынша әскери қызметті өткеру кезеңінде оқытуға жұмсалған ақшаны өндіріп алуды тоқтата тұруға негіз болып табылады. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқу кезеңі есепке алынбастан, күнтізбелік есептеумен келісімшарт бойынша он жыл әскери қызмет өткергеннен кейін оны оқытуға жұмсалған ақшаны өндіріп алу тоқтатылады.

2-тарау. Оқуға жұмсалған ақшаны өтеу тәртібі

6. Оқытуға жұмсалған ақшаны ерікті түрде өтеу қажеттілігі туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) ерікті нысанда жасалады және әскери қызметшінің соңғы

қызмет өткеру (оқу) орны бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті ведомстволарының, құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық және өзге де органдарының кадр бөлімшелері әскери қызметтен босатылған (оқудан шығарылған) әскери қызметшінің мекенжайына электронды почта, телефонограмма немесе телеграмма және өзге де байланыс құралдары арқылы жолдайды.

Хабарламада өтеуге жатқызылған сома, сондай-ақ өз еркімен өтеу мерзімдері мен оқуға жұмсалған ақшаны өтеуге келісу не болмаса бас тарту туралы жазбаша жауапты ұсыну көрсетіледі.

7. Оқуға жұмсалған ақшаны өз еркімен өтеуге келісу туралы жазбаша жауапты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әскери қызметтен босатылған (оқудан шығарылған) әскери қызметшінің мекенжайына оның соңғы қызмет (оқу) орны бойынша кадр бөлімшелері банкілік деректемелер мен алты айдан аспайтын мерзімге оқуға жұмсалған ақшаны өтеу кестесін (бұдан әрі – кесте) көрсете отырып, хабарлама жолдайды.

Оқуға жұмсалған ақшаны толық көлемде өз еркімен өтелмеген жағдайда, құралған қарызды өтеу, белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бір ай ішінде сот тәртібінде жүзеге асырылады.

8. Әскери қызметтен босатылған (оқудан шығарылған) әскери қызметшіні оқытуға жұмсалған ақшаны өз еркімен өтеуден жазбаша бас тартқан не болмаса хабарлама жолданған күннен бастап бір ай ішінде жазбаша жауап болмаған жағдайда ақшаны өтеу хабарлама жолданған күннен бастап бір ай өткеннен кейін сот тәртібінде жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында ҰҚО әскери қызметшілерін оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуден түсетін ақша республикалық бюджеттің кірісіне аударылуға жатады.

10. ҰҚО әскери қызметшілерін оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеуді бақылау әскери қызметшінің соңғы қызмет атқарған (оқыған) орны бойынша ҰҚО заң бөлімшесі жүзеге асырады.

11. Тоқсан сайын келесі тоқсаннан кейінгі айдың оны күніне дейін ҰҚО кадр, заң және қаржы бөлімшелері оқуға жұмсалған ақшаның шығыстарын өтеу бойынша деректерді салыстыруды жүргізеді.

Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
әскери, арнаулы оқу
орындарында әскери
қызметшілерді оқытуға
жұмсалған ақшаны мемлекетке
өтеу қағидаларына
1-қосымша
(нысан)

Бекітемін
Бастық (басшы)
(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу органдары)

(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу органдары)

(әскери (арнайы) атағы, Т.А.Ә. (бар
болса)
20 __ ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшісін (курсантын)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мамандығы бойынша 20__ ж. " __ " _____ 20__ ж. " __ " _____ оқу кезеңіне оқытуға жұмсалған нақты шығындардың

Жиынтық есебі

Шығыстар атауы	Шығыс сомасы (тенге)
Лауазымдық айлық ақы (стипендия)	
Азық-түлікпен қамтамасыз ету	
Жол жүру	
Жалпы нақты оқытуға жұмсалған шығындары үшін өтелуге жатады:	

Бастықтың (басшының) орынбасары
(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік
органдарының бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу орындары)

М.О.

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20__ ж. " __ " _____

Қаржы бөлімінің бастығы
(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік
органдарының бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу органдары)

М.О.

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20__ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
әскери, арнаулы оқу
орындарында әскери
қызметшілерді оқытуға
жұмсалған ақшаны мемлекетке
өтеу қағидаларына
2-қосымша
(нысан)

Бекітемін
Бастық (басшы)
(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери,
арнаулы оқу орындары)

(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу орындары)

(әскери (арнайы) атағы, Т.А.Ә. (бар
болса)

20__ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшісін
(магистрант, докторант)

_____.
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ мамандығы бойынша 20__ж. " __ " _____ 20__ж. " __ " _____ оқу кезеңіне оқытуға
жұмсалған нақты шығындардың

Жиынтық есебі

Шығыстар атауы	Шығыс сомасы (тенге)
Өтемақы (оқу орнына жету және қайту, тағылымдамаға бару және одан қайту, көтермелеу жәрдемақысы, іссапар бару және одан қайту).	
Магистрант, докторантпен олардың отбасы мүшелерінің қызмет өткеру (мекенжайы) орынынан оқу орынына дейін барған және қайтқан бойынша шығыстары.	
Магистрант, докторантпен мен олардың отбасы мүшелерінің қызмет өткеру (мекенжайы) орнынан	

оқу орнына дейін барған және қайтадан өз мүлкін тасымалдау бойынша көлік шығыстары.	
Жалпы нақты оқытуға жұмсалған шығындары үшін өтелуге жатады:	

Бастықтың (басшының) орынбасары
(ведомства, ҚР ҰҚО бөлімшелері, ӘОО) (ведомства,
Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу орындары)
м.о.

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20__ж. " __ " _____

Қаржы бөлімінің бастығы
(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының бөлімшелері, әскери,
арнаулы оқу орындары)
м.о.

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20__ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
әскери, арнаулы оқу
орындарында әскери
қызметшілерді оқытуға
жұмсалған ақшаны мемлекетке
өтеу қағидаларына
3-қосымша
(нысан)

Бекітемін
Бастық (басшы)
(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу орындары)

(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу орындары)

(әскери (арнайы) атағы, Т.А.Ә.
(бар болса))

20__ж. " __ " _____

Шет мемлекетте оқыған әскери қызметшісін (курсантын)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мамандығы бойынша 20__ ж. " __ " _____ 20__ ж. " __ " _____ оқу кезеңіне оқытуға жұмсалған нақты шығындардың

Жиынтық есебі

Шығыстар атауы	Шығыс соммасы (тенге)
Жол жүру	
Жалпы нақты оқытуға жұмсалған шығындары үшін өтелуге жатады:	

Бастықтың (басшының) орынбасары

(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу орындары)

М.О. _____

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20__ ж. " __ " _____

Қаржы бөлімінің бастығы

(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу орындары)

М.О.

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20__ ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
әскери, арнаулы оқу
орындарында әскери
қызметшілерді оқытуға
жұмсалған ақшаны мемлекетке
өтеу қағидаларына
4-қосымша
(нысан)
Бекітемін
Бастық (басшы)
(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу орындары)

(ведомства, Қазақстан
Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының

бөлімшелері, әскери, арнаулы
оқу орындары)

(әскери (арнайы) атағы, Т.А.Ә.
(бар болса))

20 __ ж. " __ " _____

Шет мемлекетте оқыған әскери қызметшісін (адъюнкт)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мамандығы бойынша 20 __ ж. " __ " _____ 20 __ ж. " __ " _____ оқу кезеңіне оқытуға
жұмсалған нақты шығындардың

Жиынтық есебі

Шығыстар атауы	Шығыс соммасы (тенге)
Өтемақы (оқу орынына және каникулдық демалысқа жол жүру үшін, тағылымдамаға бару және одан қайту, көтермелеу жәрдемақысы).	
Адъюнкт пен олардың отбасы мүшелерінің қызмет өткеру (мекенжайы) орнынан оқу орнына дейін барған және Қазақстан Республикасына қайтадан жол жүрулері.	
Адъюнкт пен олардың отбасы мүшелерінің қызмет өткеру (мекенжайы) орнынан оқу орнына дейін барған және Қазақстан Республикасына қайтадан өз мүлкін тасымалдау бойынша көлік шығыстары.	
Адъюнктың отбасы мүшелерінің медицина сақтандыру үшін.	
Жалпы нақты оқытуға жұмсалған шығындары үшін етелуге жатады:	

Бастықтың (басшының) орынбасары

(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік
органдарының бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу орындары)

М.О. _____

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20 __ ж. " __ " _____

Қаржы бөлімінің бастығы

(ведомства, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік
органдарының бөлімшелері, әскери, арнаулы оқу орындары)

М.О. _____

(әскери (арнайы) атағы, қолы, аты, әкесінің атының бас әріптері және тегі (бар болса))

20 __ ж. " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК